

БЕКІТІЛГЕН
«ҚазАгро» ұлттық басқарушы
холдингі» АҚ Басқармасының
2012 жылғы «20» маусымдағы № 35
шешімімен

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Астана қ., 2012 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Дивидендтік саясат туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексiне, өзге де iшкi құжаттарына сәйкес әзiрленген және таза табысты бөлу тәртібі мен дивидендті төлеуге жұмсалатын оның бөлігін анықтау тәртібін, дивиденд мөлшерін анықтау тәртібін және дивиденд төлеу тәртібін, соның ішінде оны төлеу мерзімі мен нысанын белгілейді.

2. Дивидендтік саясат Жалғыз акционердің активтерінің ұлғаюын және Қоғамды капиталдандыру деңгейінің өсуін қамтамасыз ету бойынша Қоғамның жалпы міндеттерін тұжырымдаумен қатар, нормативтік құқықтық актілерге негізделген нақты дивидендтік саясат қағидаларын да тұжырымдайды.

3. Дивидендтік саясат Қоғамның Жалғыз акционеріне оның Қоғамды басқаруға қатысуына байланысты құқықтарын, соның ішінде дивиденд алуға және Қоғамның таза табысын бөлуге қатысуға байланысты құқықтарын жүзеге асырудағы нақты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету құралдарының бірі болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Ережеде пайдаланылған терминдер мен анықтамалар, егер осы Ережемен өзгесі көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қолданылған мағынада пайдаланылады.

5. Осы Ереженің мақсатында келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылған:

1) дивидендтер төлеу – дивиденд алуға құқығы бар Жалғыз акционердің банк шотына тиісті соманы аудару;

2) дивидендтер – Қоғам қолданыстағы заңнамаға, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес төлейтін, Қоғамның акциялары бойынша өзіне тиесілі Жалғыз акционердің табысы;

3) Жалғыз акционер – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (заңнамамен, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ мен Қоғамның Жарғысымен Қоғамның Жалғыз акционерінің атқарымдарын жүзеге асыруға уәкілеттенген оның органы тұлғасында);

4) Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары комитетінің Қорымен бекітілген ХҚЕС – халықаралық қаржылық есептілік стандарттары;

5) дивиденд төлеу туралы шешім – қаржы жылының нәтижелері бойынша қабылданатын, Жалғыз акционердің дивиденд төлеу туралы шешімі;

6) дивиденд төлеу мерзімі – дивидендтерді төлеу бойынша міндеттемелердің орындалатын күні немесе дивидендтерді төлеу бойынша міндеттеме орындалуға тиісті уақыт кезеңі;

7) дивиденд төлеу нысаны – Дивиденд алуға құқылы Жалғыз акционерге табысталуға жататын Қоғамның ақшалары немесе құнды қағаздары;

8) таза табыс – салықтарды және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер төленгеннен кейін, Қоғамның иелігінде қалған есепті кезеңнің пайдасы.

3. Дивидендтер туралы негізгі ережелер

6. Дивиденд төлеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, осы Ережемен, сондай-ақ Жалғыз акционердің тиісті шешімімен реттеледі.

7. Жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау Жалғыз акционердің міндеті емес, оның құқығы болып табылады. Жалғыз акционер дивиденд төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

8. Жарияланған дивидендтерді төлеу Қоғамның міндеті болып табылады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Қоғам дивиденд алуға құқылы Жалғыз акционердің алдында осы міндеттеменің орындалмағаны үшін жауап береді.

4. Дивидендтік саясаттың мақсаты мен негізгі қағидаттары

9. Қоғамның дивидендтік саясаты:

1) Жалғыз акционердің активтерін ұлғайту және Қоғамды капиталдандыру деңгейінің өсуін қамтамасыз ету;

2) Жалғыз акционерге дивиденд мөлшерін анықтау және оны төлеудің айқын, түсінікті де қолжетімді тетігін белгілеу;

3) дивиденд төлеуге шарттардың болуы туралы және оны төлеу тәртібі туралы дәл түсінікті қалыптастыру үшін Жалғыз акционерге жеткілікті ақпарат ұсыну;

4) дивиденд төлеу кезінде Қоғамның қаржы жағдайына қатысты Жалғыз акционерді жаңылыстыру мүмкіндігін болдырмау;

5) дивиденд алу кезінде қисынсыз қиындықтарға байланысты емес дивиденд төлеу тәртібін қамтамасыз ету мақсаттарында қалыптасады.

10. Қоғамның дивидендтік саясаты:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен және ең жақсы корпоративтік басқару тәжірибесімен қамтылған Жалғыз акционердің құқықтарын қатаң сақтау;

2) дивидендтік төлемақы мөлшерін анықтау кезінде Қоғам мен Жалғыз акционер мүдделерінің теңгерімі;

3) Жалғыз акционердің мүддесін есепке алу және оның активтерін барынша ұлғайту;

4) дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен белгіленген шектеулерді сақтау;

5) осы Ережедегі Қоғамның негізгі қағидаттарына және дивидендтік саясатын қалыптастыру тәсілдемесіне сәйкес орта мерзімді және ұзақ мерзімді

дивидентік саясатты әзірлеу;

б) Қоғам Басқармасын жоспарланған таза табысқа және дивидендке жетуге уәждемелеумен қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді.

5. Дивиденд төлеудің негізгі шарттары

11. Дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Жалғыз акционер оны төлеу шарттарына жүгінеді, сондай-ақ есепті қаржы жылында алынған таза табыстың мөлшерін және Қоғам қызметінің даму қажеттіліктерін ескереді.

12. Қоғамның акциялары бойынша дивиденд төлеу шарттары болып табылатындар:

1) есепті қаржы жылына қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша өз қызметінен таза табыстың болуы;

2) дивиденд есептеу үшін қолданыстағы заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен көзделген шектеулердің болмауы;

3) Қоғамдағы дивиденд есептеу мен төлеу тәртіптерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес келуі;

4) Жалғыз акционердің құқықтары мен мүддесін сақтау;

5) Қоғамның қаржы және материалдық-техникалық жай-күйінің талап етілетін деңгейін қолдау, оның даму келешегін қамтамасыз ету;

6) Қоғамның инвестициялық тартымдылығын арттыру қажеттілігі;

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің дивиденд мөлшері туралы ұсынымдарының болуы;

8) Жалғыз акционердің дивиденд төлеу туралы шешімінің болуы.

6. Дивиденд мөлшерін анықтау тәртібі

13. Дивиденд ХҚЕС сәйкес жасалған Қоғамның қаржылық есептілігінің негізінде анықталатын оның таза табысынан төленеді.

14. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Қоғамның Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге өткен қаржы жылына Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы және есепті қаржы жылының қортындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есебімен Қоғамның төлейтін дивиденд мөлшері туралы ұсынымдарды ұсынады.

15. Дивиденд мөлшері мен оны төлеу мерзімдері туралы түпкілікті шешім Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

16. Жалғыз акционерге ұсынбалы дивиденд мөлшерін (бір жай акцияға есебімен) және дивидендтік төлемақыларға жұмсалатын Қоғамның таза табысының тиісті үлесін анықтау кезінде Қоғамның Директорлар кеңесі дивидендтік төлемақыларға жұмсалатын қаражат сомасы таза табыстың 50% кем емесін құрауға тиісті деген түсінікке жүгінеді.

17. Бір жай акцияға арналған дивиденд мөлшері Қоғамның жай акцияларының санына бөлінген жай акциялар бойынша дивидендтік төлемақыларға жұмсалатын таза табыс сомасына қарап анықталады.

18. Бір жай акцияға есебімен Директорлар кеңесі ұсынатын дивиденд мөлшері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында есептеледі және математика ережелеріне сәйкес теңгеге дейін ықшамдалады.

7. Таза табысты пайдалану тәртібі

19. Қоғамның таза табысының бір бөлігі салықтар төленгеннен кейін Жалғыз акционерге дивиденд төлеуге жұмсалады, Қоғамның таза табысының қалған бөлігі Қоғамның иелігінде қалады.

8. Дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау тәртібі

20. Осы Ереженің 12 тармағымен көзделген шарттар болған кезде, Қоғамның Директорлар кеңесі осы Ереженің 6 тарауын басшылыққа ала отырып, Жалғыз акционердің түпкілікті шешім қабылдауы үшін, өткен қаржы жылына Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі мен жылдың қортындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есебімен Қоғамның төлейтін дивиденд мөлшері туралы ұсынымдарды Жалғыз акционердің қарауына ұсынады.

21. Есепті қаржы жылының нәтижелері бойынша акциялар бойынша төленетін дивиденд мөлшері мен оны төлеу тәртібі жөніндегі Қоғамның Директорлар кеңесінің ұсынымдары хаттамамен (сырттай отырыстың шешімімен) ресімделеді, одан алынған үзінді көшірме (шешімнің көшірмесі) қолданыстағы заңнамаға сәйкес, түпкілікті шешім қабылдау үшін Қоғамның Жалғыз акционеріне қолжетімді болуға тиісті.

22. Жалғыз акционер заңнамамен және Қоғам Жарғысымен белгіленген тәртіпте:

- жай акциялар бойынша дивиденд төлеу (төлемеу) туралы шешім қабылдайды;

- есепті қаржы жылына Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы шешім қабылдайды;

- Қоғамның бір жай акциясы есебімен дивиденд мөлшерін бекітеді.

23. Дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау жөніндегі ақпарат дивиденд төлеу үшін шарттардың болуы туралы және оны төлеу тәртібі туралы дәл түсінік қалыптастыруға жеткілікті болуға тиісті.

24. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы шешімде келесідей мәліметтер болуға тиісті:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк деректемелері және басқа да деректемелер;

2) дивиденд төленетін кезең аралығы;

3) бір жай акцияға есебінен дивиденд мөлшері;

4) дивиденд төлене басталатын күні;

5) дивиденд төлеу тәртібі мен нысаны.

25. Дивиденд төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер бөлек мәселе ретінде немесе есепті қаржы жылының нәтижелері бойынша Қоғамның таза

табысын бөлу туралы шешімнің құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды.

9. Дивиденд төлеу бойынша шектеулер

26. Дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Жалғыз акционер акционерлік қоғамдар туралы заңнамамен белгіленген шектеулерді басшылыққа алады.

27. Қоғамның өзі орналастырған немесе сатып алған акциялары бойынша, сондай-ақ, егер сот немесе Қоғамның Жалғыз акционері оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

28. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд есептеуге рұқсат етілмейді:

1) меншікті өз капиталының мөлшері жағымсыз болса немесе егер Қоғамның меншікті өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденд есептеу нәтижесінде жағымсыз болып қалса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем төлеу қабілетсіздігі мен дәрменсіздік белгілеріне жауап беретін болса немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивиденд есептеу нәтижесінде пайда болатын болса.

10. Дивиденд төлеу тәртібі мен нысаны

29. Дивиденд төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, есепті қаржы жылының қортындысы бойынша дивиденд Жалғыз акционердің белгілеген мерзімінде төленеді.

Егер ақырғы дивиденд төлеу мерзімі жұмыс істемейтін күнге келсе, мерзімінің аяқталатын күні одан кейінгі жұмыс күні болып саналады.

Қоғам дивиденд төлеу бойынша міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға құқылы. Қоғам дивиденд төлеу бойынша міндеттемені дивиденд төлеу мерзімі ішінде кез келген күні орындауға құқылы.

30. Қоғамның Жалғыз акционерінің дивиденд төлеу туралы шешімі болмаған жағдайда, Қоғам дивиденд төлеуге, ал Жалғыз акционер оны төлеуді талап етуге құқылы емес.

31. Дивидендтер ақшамен немесе Қоғамның құнды қағаздарымен төленеді. Дивиденд төлеудің басым нысаны ақшалай нысанда төлеу болып табылады.

32. Төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және оның шығарған облигацияларымен жүзеге асырылатындай болған жағдайда, Жалғыз акционердің жазбаша келісімі болса, Қоғамның акциялары бойынша дивидендті оның құнды қағаздарымен төлеуге рұқсат етіледі.

33. Дивидендтерді қолма-қол ақшасыз тәртіпте алу үшін, Жалғыз акционер Қоғамның құнды қағаздар тізілімін жүргізу жүйесіндегі тіркелген тұлғаның деректемелерінде дивиденд төлеу туралы Жалғыз акционердің шешімі қабылданған күнге өзінің банк шоты туралы толық деректерді

көрсетуге міндетті.

34. Төленетін дивидендтерге салық салу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қамтылған тәртіпте жүзеге асырылады.

11. Дивидендтік саясат туралы ақпаратты ашу

35. Қоғамның Жалғыз акционері мен басқа да мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте, сондай-ақ Интернет желісіндегі Қоғамның ресми web-сайтында осы Ережемен және оған енгізілген өзгертулермен таныса алады.

36. Шешім қабылдау үшін Жалғыз акционерге ұсынылатын материалдардың құрамында дивиденд төлеуге қажетті шарттардың болуы немесе болмауы жөнінде куәландыратын ақпарат болуы мүмкін.

37. Қоғамның акциялары бойынша дивиденд төлеу (төлемеу) туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күн ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиісті.

38. Дивиденд төлеу, оның мөлшері, төлеу нысаны, мерзімі мен тәртібі туралы шешім қабылдау жөніндегі Қоғамның жариялайтын хабары Жалғыз акционерге осы мәселелер жөніндегі түсінікті бір мағыналы да анық беруге тиісті.

12. Дивидендтің мезгілінде төленуі үшін жауапкершілік

39. Қоғам акциялар бойынша жарияланған дивидендтерді төлеуге міндетті. Жалғыз акционер, егер Қоғам аталған міндеттемені мезгілінде орындамаса, Жалғыз акционердің белгілеген дивидендтерін сот тәртібінде талап етуге құқылы.

40. Қоғамның берешегі құрылған мерзімге қарамастан, Жалғыз акционер алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

41. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес, дивидендтердің мезгілінде төленбеуі үшін жауапкершілікті Қоғам Басқармасы көтереді.

42. Дивиденд белгіленген мерзімінде төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге негізгі дивиденд сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне жүгіне отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

13. Қорытынды ережелер

43. Осы Ережені бекіту туралы шешімді, сондай-ақ осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешімді және оның күші жойылған деп тану туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

Осы Ереже оны Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

44. Егер осы Ереженің жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қарама-қайшы келетін болса, онда бұл тармақтар күшін жояды және осы Ережеге тиісті өзгертулер енгізілгенше, осы тармақтармен реттелетін мәселелердің бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Қоғам Жарғысының нормаларын басшылыққа алған дұрыс.

45. Егер Қоғамның Жалғыз акционеріне дивиденд төлеуге байланысты қандай да болсын бір мәселелер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларымен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен, Қоғам Жарғысымен және осы Ережемен реттелмеген болса, онда олар Жалғыз акционердің құқықтары мен мүддесін қамтамасыз ету қажеттілігіне қарай шешілуге тиісті.